

**"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен халықаралық қаржы ұйымдары арасындағы әріптестік туралы негіздемелік келісімдерді іске асыру жөніндегі Үйлестіру Кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 маусымдағы № 632 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 15 мамырдағы № 288 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 15 қыркүйектегі № 699 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.09.2022 № 699 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен халықаралық қаржы ұйымдары арасындағы әріптестік туралы негіздемелік келісімдерді іске асыру жөніндегі Үйлестіру Кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 маусымдағы № 632 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі мен халықаралық қаржы ұйымдары арасындағы әріптестік туралы негіздемелік келісімдерді іске асыру жөніндегі Үйлестіру Кеңесінің құрамында:

Қазақстан тарапынан:

"Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі";

"Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министрі, хатшы" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі, хатшы";  
мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

А.Мамин